

MEDIEVAL CITY SYUTKENT

D.A. Taleev

al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: doc19_59@mail.ru

Keywords: Syutkent, Syrdarya, research, archeology, state program "Cultural Heritage", sources, materials, topography, chronology.

Abstract. In article written data of the Arab, Persian and Turkic sources on the medieval city of Syutkent located on the left coast of the Syr Darya River are considered. The short review of the archaeological researches made on the ancient settlement Syutkent is made. Their results are compared with materials of the historical and topographical researches which are carried out in 2009 according to the "Cultural heritage" state program. The location is also defined and the preliminary chronology of the ancient settlement Syutkent is given.

ӘОК 903/904 (574)"05/1" "653"

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СҮТКЕНТ ҚАЛАСЫ

Д.А. Талеев

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: Сүткент, Сырдария, зерттеу, археология, мемлекеттік бағдарлама, «Мәдени мұра», деректер, материалдар, топография, мерзімделу.

Аннотация. Мақалада Сырдария өзенінің ортанғы ағысында орналасқан ортағасырлық Сүткент қаласы жайлы араб, парсы және түрік жазба деректерінің мәліметтері қарастырылған. Қаланың археологиялық зерттелу деңгейіне қысқаша шолу жасалған. Олардың нәтижелерін 2009 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Сүткенттің орнындарында жүргізілген тарихи-топографиялық зерттеулермен толықыра отырып, қаланың орналасқан орны мен өмірсүрген уақыты жайлы шартты болжамдар жасалған.

Қасиетті Сырдария өзенінің ортанғы ағысында болған Сүткент қаласы туралы мәліметтер X-XV ғасырлар аралығындағы жазба деректерде кездеседі. Ол туралы X ғасырда өмір сүрген саяхатшы Ибн Хаукаль өзінің «Китаб ал месалик ва-л-мемалик» - атты кітабында былай деп жазады. «(Шаш өзені) – бұл өзен, өзіне түрік және ислам елдерінде келіп қосылатын өзендер есебінен көбейеді. Оның негізгі бастауы Өзкент округіндегі түрік елінен басталады, кейіннен оған Харшаб, Урасан, Куба, Джидгил т.б. өзендер қосылады, ол үлкейіп, су қоры молаяды. Әрі қарай ол Ахсикенттің жанынан өтіп, Ходжент, Бенекет арқылы Сүткентке жетеді. Одан әрі Фарабтан өтіп, Сауранның шекарасына барғанда жағасын түрік-оғыздар жайлаған шөлді аймақпен ағады» [1, 8? Должна быть сноска 2 а у вас 8]. Ондағы Шаш өзені –

Сырдария деректерде Аракс, Яксард, Сейхун, Шаш, Гулзария, Сыр және Сырдария деген аттармен белгілі.

Тағы бір жерінде Ибн Хаукаль Испиджаб округі жайлы айта келіп «... Оның маңындағы (Испиджаб) қалалардың қатарында Бадухкет, Субаникет, Тараз, Атлах, Шельджи, Кедер, Сүткент, Шавгар, Сауран және Весидж бар. Субаникет – Канджид округінің басты қаласы...», - деп көрсетеді [1, 6] **здесь тоже должна быть сноска 1 и 3.**

Дәл осыған ұқсас мәліметті Х ғасырдың 30-жылдары жазылған еңбегінде араб географы әл-Истахри да келтірген [2, 29-90].


Ал, Х ғасырдағы авторы белгісіз «Худудал-алам» атты парсы тілінде жазылған географиялық шығармада қала туралы былай деп жазылған. «Сүткент – өзен жағасында орналасқан және молшылыққа кенелген қала. (Оның) тұрғындары жауынгер келеді. Ол бейбіт түріктердің шоғырланған жері, олардың рулары (кабиле) ішінен көпшілігі мұсылмандықты қабылдаған» [1, 9-10]. **У вас в литературе 8 сноска**

IX ғасырда Сүткент қаласы қарлұқтардың қоластында болды. Ал, Х ғасырда қаланы оғыздар мекендесе керек. Осы тұста оғыздар Сырдарияның сол жағалауында көшіп жүргені жайлы мәліметтер бар. Олар Х ғасырда Сырдарияның сол жағалауымен Фараб аймағына кіріп, Сүткент қаласына дейін жеткен [2, 29-30]. Махмуд Қашқари мәлімдеуінше Сырдарияның ортаңғы ағысында отырықшы мекендер болған. Олардың қатарында Сауран, Сүткент, Сығанақ және Қарнақ қалалары бар [3, 469, 502, 532, 534]. Қалалардың негізгі тұрғындары ятұқтар (жатақтар) деп аталған. Махмуд Қашқари « ... бұл қалаларда тұратын оғыздар басқа жерге көшпейді, соғыспайды, ятұқтар деп, елеусіз қалған жалқаулар ретінде атаған».

Махмуд Қашқариден кейін қаланың аты ұзақ уақыт жазба деректердің беттерінде кездеспейді. Ол туралы мәуренахыр мен монғол дәуіріне қатысты деректерде де ештеңе жоқ. Тек 1404-1405 жылдың қысында Самарқаннан Отырарға сапары барысында Ақсақ Темір Сүткент арқылы өткені жайлы Шереф ад-дин Йездиде қысқаша мәлімет сақталған [4, 224].

К.М. Байпақовтың пікірі бойынша Сырдарияның сол жағалауларына дейін жеткен оғыз көштері Фараб өңірі мен Арыс өзенінің ортаңғы ағысындағы Кенджид өңірін де қамтыған. Арыс өзенінің Сырдарияға құйар тұсынан бастап өзеннің екі бетін тұтас қамтыған Фараб өлкесінің құрамына Х-ХІІ ғасырларда Сүткент қаласы да кірген.

Деректерде осындай мәліметтермен әйгілі Сүткент қаласының орны бұл күнде Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданында, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы Қаракөл қойнауында сақталған. Қаланың атын сол жердегі ауыл осы күнге дейін мұра ретінде жалғастырып келеді. Қазақстанның ортағасырлық тарихында өзіндік із қалдырған осы қаланың әркездегі орны бұл күнде бірнеше жерде орналасқан.




Олардың алғашқысы Ақтөбе қалашығы Сүткент ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 2 шақырым жерде. Ол дөңгелек рабатты төбе.

Екіншісі және негізгісі Шыңғыстөбе, ол ауылдан солтүстік-батыста шетінде шақырым орналасқан. Үшіншісі кейінгі ортағасырлық Сүткенттің орны ауылдың ішінде оңтүстік шетінде


болған.

Сүткенттің орнын алғаш 1900 жылы Н.В. Руднев тауып анықтаған. Ол қаланың қираған орнында сақталған бедерін сызып, қаланың топографиясын, қорғаныс құрылыстарын және орталық бөлігіндегі құрылыстарының орналасу жүйесін сипаттап жазған. Руднев жобасын түсірген қалашық Сүткенттің гүлденген кезінің орны (Шыңғыстөбе) болатын [5, 224].

ПЛАН РАЗВАЛИН г. СЮТКЕНТ
масштаб в дюйме 100 саж.



Сүткент II (Руденко бойынша)



Сүткент II (Агеева бойынша)


Ал 1949 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (А.Н. Бернштам) Сүткенттің орнын екі жерден анықтап, оларды Сүткент I және Сүткент II деп белгілеген. Экспедиция мүшелері олардың жобасын қағазға түсіріп, көлемдерін өлшеп, топографиясын сипаттап жазды. Салынған кішігірім барлау қазбасы мен ескерткіштердің үстінен жиналған материалдар негізінде тіршілік Сүткент I де XV-XVI ғасырларға, ал Сүткент II де XIX ғасырға дейін жалғасқан деген тұжырым жасаған [6, 119-121]. Дегенмен 1960 жылы басылып шыққан «Археологическая карта Казахстана» атты жинақта біршама түзетулер жасалып, Сүткент I қалашығы VI-XIII ғасырлар аралығында, ал Сүткент II қалашығы XIV-XVIII ғғ. аралығында өмір сүрген деп берілген [7, 340]. Ал 1994 жылы жарық көрген «Свод памятников истории и культуры Казахстана» атты жинақа Сүткент туралы мәліметтер Оңтүстік

Қазақстан археологиялық экспедициясының (бұдан әрі ОҚАЭ) мүшелері Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтің (Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана.) еңбегінен көшіріліп берілген [8, 333-334]. Демек Сүткенттің орнында алғаш зерттеу жүргізілгеннен бері 60 жыл өткен және осыған дейін кең көлемдегі жан-жақты зерттеу жасалмаған. Алынған мәліметтер толық емес, көп жағдайда шындыққа сәйкес келмейді.

2009 жылдың тамыз айында ОҚАЭ ның Қазақ хандығы қалалары тобы (Д.А. Талеев) «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша бөлінген қаржыға Сырдыя өзенінің сол жағалауында кейінгі ортағасырлық қалаларды тарихи-топографиялық тұрғыдан зерттеу мақсатымен археологиялық барлау жұмыстары жүргізді. Сырдарияның сол жағалауында жүргізген археологиялық барлаудың нәтижесі аты жазба деректерде X ғасырдан белгілі Сүткент қаласының шын мәнінде уақыт жағынан кезектесіп келетін үш бірдей орында болғанын анықтады. Яғни қала үш дүркін орнын ауыстырған. Қаланың алғашқы кезеңінің (Сүткент I) орны «**Ақтөбе**» қалажұрты болған. Бұл қалашық осы күнге дейін белгісіз болып, зерттелмей келген. Сүткенттің ертедегі өмірі жайлы мәлімет ешқандай жазба деректерде кездеспейді. Бірақ қаланың сол замандағы орны (Ақтөбе қалашығы) қазіргі Сүткент ауылының оңтүстік-батыста 2 шақырым жерде сақталған. Қалашықтың географиялық координаттары: С.41°56'138"; Ш. 68° 04'270". Теңіз деңгейінен биіктігі 219 м. Ол орталық бөлігі төрт бұрышты келген, айнала дөңгелек шаһристан қоршаған қалашық (суретті қараңыз). Жалпы ауданы 7,6 ганы алып жатыр. Ескерткіште ешқандай қазба жүргізілмеген. Қалашықтың топографиялық ерекшелігі мен үстінен жиналған қыш ыдыс сынықтарының сипаты бойынша оны IV – VIII ғасырларға жатқызуға болады.



Шыңғыстөбе. Космофото



Шыңғыстөбе. Сызба жобасы


Сүткенттің келесі кезеңдегі орны (Сүткент II) бұл күнде «**Шыңғыстөбе**» деп аталады. Ол төбе ауылдың солтүстік-батыс шетінде жатыр. Қалашықтың географиялық координаттары: С.41°56'308"; Ш.68°04'195". теңіз деңгейінен биіктігі 219 м. Айнала тізбектеліп келген мұнаралардан түзілген ұзын қабырғаман қоршалған бұл қалашық 45

гектардан артық аумақты алып жатыр. Ұзын қабырғалардың сыртқы жағынан терең ор қазылған. Ордан тысқары аймақта болған көптеген жеке құрылыстардың қирандылары да сақталған.

Айналадағы жерден 4-5 м биіктікте сақталған қаланың цитаделі батыс қабырғаның орта тұсында орналасқан. Оның өлшемі: батыс қабырғасы 128 м, шығыс қабырғасы 98 м, солтүтік және оңтүстік қабырғалары 108 м. Цитаделдің қабырғаларының орта тұсы мен бұрыштарында дөңгелек мұнаралар болған. Қақпасы батыс қабырғасының орта тұсында. Қақпаның екі шетінде болған мұнаралар байқалады. Қабырғасы айнала ормен қоршалған. Үстінен жиналған қыш ыдыстардың әртүрлі сынықтары, сырланған және сырланбаған ыдыс қалдықтары және басқа да заттар, қалашықтың VIII – XIII ғасырлар аралығында тіршілік кешкендігін білдіреді. Біз салған барлау шұңқырынан майшам, дастархан, құмыра, құмған, майшам секілді ыдыстармен қатар темір қортпалары, шыны ыдыстардың қалдықтары, өте нашар сақталған теңге табылды. Ибн Хаукал мен әл Истахри жазбалары мен авторы белгісіз шығарма «Худуд әл-Әлемде» айтылатын Сүткент қаласының

орны осы Шыңғыстөбе қалашығы болар деп шамаладық.

Кейінгі ортағасырлық Сүткент қаласының (Сүткент III) орны Шыңғыстөбенің цитаделінен шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде, қазіргі ауылдың оңтүстік шетінде болған. Оның жобасын 1949 жылы ОҚАЭ түсірген (суретті қараңыз). Өкінішке орай қазіргі күнде бұл ескерткіш нашар сақталған. Оның үстінен тұрғын үйлер мен жол түсіп кеткен. Оның географиялық координаттары: С.41°56'110"; Ш.68°05'231". теңіз деңгейінен биіктігі 218 м.



Кейінгі Сүткент (Агеева бойынша)

Шаруашылық және құрылыс жұмыстарының салдарынан бұзылған кейінгі ортағасырлық Сүткент қаласының орнын зертеу мүмкіндігі болмады. Жеке үй салу кезінде қазылған жерлерден XVI-XVII ғғ. жататын құмыралардың сынықтары табылған.

Сонымен 2009 жылы біз жүргізген зерттеу жұмыстарының тұжырымдарын бізге дейін жүргізілген зерттеулер нәтижелері мен жазба деректері мәліметтеріне байланыстыра отырып жасалатын ой тұжырым бойынша Сүткент қаласы 2 мың жылғы жақын өмір сүрген үлкен қала болған. Сондай-ақ бұл қала монғол шапқыншылығына дейін Сырдарияның ортаңғы ағысындағы сауда мен мәдениеттің ірі орталықтарының бірі болған деп айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Ибн-Хаукал. Китаб ал-месалик ва-л-мемалик // Извлечение из письменных источников о средневековых городах Сауран и Сыгнак / автор предисловия и составитель М. Елеуов. – Туркестан, 2005. – 96 с.
- [2] әл-Истахри. Китаб Масалик ал-Мамалик // Материалы по истории киргизов и Киргизии. - В.1. – М.: Наука, 1973. – С. 29-30.
- [3] Қашқари М. Түрік сөздігі. - 3 томдық. - Т.1. – Алматы, 1997. - 595 б.
- [4] Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. - Соч.Т.3. – М.: Наука, 1965. - 713 с.
- [5] Руднев Н.В. Следы городов по Сыр-Дарье // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана / Авторы предисловия и составители Елеуов М., Бахтыбаев М.М. – Туркестан: Туран, 2011. – 447 с. илл.
- [6] Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды ИИАЭ АН КазССР. – 1958. - Т.5. – С. 3-215.
- [7] Археологическая карта Казахстана. – Алма-Ата, 1960. – С.340. - № 4758-4759.
- [8] Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанской область. – Алматы, 1994. – С.333-334. - № 702, 705.
- [9] Агеева Е. И., Пацевич Г. И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды ИИАЭ АН КазССР. – 1958. - Т. 5. – С. 121.

REFERENCES

- [1] Ibn-Khaukal. Kitab al-mesalik va-l-memalik // Izvlecheniye iz pis'mennykh istochnikov o srednevekovykh gorodakh Sauran i Sygnak / avtor predisloviya i sostavitel' M. Yeleuov. – Turkestan, 2005. – 96 s.
- [2] әl-Istakhri. Kitab Masalik al-Mamalik // Materialy po istorii kirgizov i Kirgizii. - V.1. – M.: Nauka, 1973. – S. 29-30.
- [3] K, ashk, ari M. Tyrik sözдігі. – 3 tomdyk.- T.1. – Almaty, 1997. - 595 b.
- [4] Bartol'd V.V. K istorii orosheniya Turkestana. - Soch.T.3, - M.: Nauka, 1965.-713s.
- [5] Rudnev N.V. Sledi gorodov po Syr-Dar'ye // Protokoly zasedaniy i soobshcheniy chlenov Turkestanskogo kruzha lyubiteley arkheologii. Istoriko-kul'turnyye pamyatniki Kazakhstana / Avtory predisloviya i sostaviteli Yeleuov M., Bakhtybayev M.M. – Turkestan: Turan, 2011. – 447 s. ill.
- [6] Ageyeva Ye.I., Patsevich G.I. Iz istorii osedlykh poselenii i gorodov Yuzhnogo Kazakhstana // Tr.IIAE AN KazSSR. – 1958. - T.5. – S. 3-215.
- [7] Arkheologicheskaya karta Kazakhstana. – Alma-Ata, 1960. – S.340. - № 4758-4759.
- [8] Svod pamyatnikov istorii i kul'tury Kazakhstana. Yuzhno-Kazakhstanskoy oblast'.–Almaty,1994.–S.333-334. -№702,705.
- [9] Ageyeva Ye. I., Patsevich G. I. Iz istorii osedlykh poseleniy i gorodov Yuzhnogo Kazakh stana // Trudy IIAE AN KazSSR. – 1958. - T. 5. – S. 121.

СРЕДНЕВЕКОВЫЙ ГОРОД СЮТКЕНТ

Д.А. Талеев

КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: Сюткент, Сырдарья, исследование, археология, госпрограмма, «Культурное наследие», источники, материалы, топография, хронология.

Аннотация, В статье рассматриваются письменные сведения арабских, персидских и тюркских источников о средневековом городе Сюткент, расположенном на левом берегу Сырдарьи. Сделан краткий обзор археологических исследований, произведенных на городище Сюткент. Их результаты сопоставлены с материалами историко-топографических изысканий, проведенных в 2009 году по госпрограмме «Культурное наследие». Также определено место расположения и дана предварительная хронология городища Сюткент.



Шыңғыстөбеге салынған барлау шұңқыры кезінде табылған заттар